

"Микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістерді қарау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021 жылғы 16 шілдедегі № 82 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2024 жылғы 29 қаңтардағы № 6 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 1 ақпанда № 33960 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2026 жылғы 28 сәуірдегі № 83 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 28.04.2026 № 83 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістерді қарау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021 жылғы 16 шілдедегі № 82 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23630 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістерді қарау қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қарыз алушы микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтінішті (бұдан әрі – өтініш) Микроқаржылық қызмет туралы заңның 9-2-бабының 2-тармағына сәйкес микрокредит берген микроқаржы ұйымына береді.

Микроқаржылық қызмет туралы заңның 9-2-бабының 2-тармағында көрсетілген мерзім өткеннен кейін өтініш микрокредит беру шарты бойынша берешекті өндіріп алу туралы заңды күшіне енген сот актісі, атқарушы жазба, татуласу келісімі немесе микрокредит беру шарты бойынша берешекті реттеу үшін не микрокредит беру шарты бойынша берешекті өндіріп алу туралы сот актісін орындау үшін медиация тәртібімен жасалған дауды (жанжалды) реттеу туралы келісім болмаған, сондай-ақ микрокредит беру шарты бойынша құқықты (талапты) микроқаржы ұйымы үшінші тұлғаға бермеген жағдайда беріледі.

Микроқаржы ұйымының өтінішті қарауы қарыз алушыға микрокредит бойынша мерзімі өткен берешекті не оның бір бөлігін біржолғы өтеу талабын белгілемей жүзеге асырылады.

Қарыз алушы микроқаржы ұйымымен келісім бойынша микрокредит беру туралы шарт бойынша мерзімі өткен берешекті, не оның бір бөлігін микроқаржы ұйымы өтінішті қарағанға дейін дербес өтеуге құқылы.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Микроқаржы ұйымы қарыз алушының өтінішін алған күннен кейін күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде микрокредит беру туралы шарттың талаптарына ұсынылған өзгерістерді қарайды және жазбаша нысанда не микрокредит беру туралы шартта көзделген тәсілмен қарыз алушыға:

1) микрокредит беру туралы шарттың талаптарына ұсынылған өзгерістермен келісетіні туралы;

2) микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгерту жөніндегі өз ұсыныстары туралы;

3) микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгертуден бас тарту себептерінің уәжді негіздемесін көрсете отырып, Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес мұндай бас тарту туралы хабарлайды.

Микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер енгізу қарыз алушы микрокредит беру туралы шарттың ағымдағы талаптары бойынша міндеттемелердің орындалмауына әкеп соққан мән-жайларды құжаттамалық растаған кезде қарыз алушының әлеуметтік және қаржылық жағдайын ескере отырып, оның борыш жүктемесінің төмендеуін қамтамасыз ететін талаптарда жүзеге асырылады.

Микроқаржы ұйымы және қарыз алушы микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістермен келісетіні туралы шешім қабылдаған кезде микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер енгізу тәртібі мен мерзімдері микроқаржы ұйымның ішкі құжатында айқындалады, бұл ретте мұндай өзгерістерді енгізу мерзімі микроқаржы ұйымы осындай шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күннен аспайды.

Микроқаржы ұйымы микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгерту бойынша өз ұсыныстарын жіберген кезде қарыз алушының микроқаржы ұйымы ұсынған микрокредит беру туралы шартты өзгерту талаптарына жауап беру мерзімі микроқаржы ұйымының хатында көрсетіледі және Микроқаржылық қызмет туралы заңның 4-бабы 3-1-тармағына сәйкес жасалған микрокредит беру туралы шартты қоспағанда, қарыз алушы микроқаржы ұйымының шешімін алған күннен бастап кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күнді құрайды, микроқаржы

ұйымы ұсынған микрокредит беру туралы шартты өзгерту талаптарына қарыз алушының жауап беру мерзімі қарыз алушы микроқаржы ұйымының шешімін алған күннен бастап кемінде күнтізбелік 3 (үш) күнді құрайды.

Микроқаржы ұйымы мен қарыз алушы арасында микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгерту жөнінде микроқаржы ұйымының ұсынысын алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде келісімге қол жеткізбеу микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгертуден бас тарту болып есептеледі. Бұл мерзім микроқаржы ұйымы мен қарыз алушының келісімі болған жағдайда ұзартылуы мүмкін.

Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес микрокредит беру туралы шарт бойынша мерзімі өткен берешек пайда болған сәттен бастап жиырма төрт ай ішінде қарыз алушының міндеттемесін төмендету, оның ішінде айыпақыны (айыппұлды, өсімпұлды) толық жоюды қамтамасыз ететін талаптарда берешекті реттеу жөніндегі рәсімдер жүзеге асырылмаған жағдайда, құқықты (талапты) коллекторлық агенттікке беруге жол берілмейді.

Микроқаржы ұйымы және қарыз алушы арасында микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізбеуі, сондай-ақ қарыз алушының қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға жүгіну құқығын іске асырмауы мерзімі өткен берешекті реттеудің болмауы болып саналады.

Микроқаржы ұйымы тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-күнінен кеш емес мерзімде қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға:

1) қарыз алушы-жеке тұлғалардың қаралған өтініштері туралы, Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер енгізу туралы;

2) Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес қарыз алушы-жеке тұлғалардың микрокредит беру туралы шартының талаптарына енгізілген өзгерістер туралы;

3) Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес қарыз алушы-жеке тұлғалардың микрокредит беру туралы шартының талаптарын өзгертуден бас тарту туралы ақпараты береді.";

осы қаулыға 1, 2, 3 және 4-қосымшаларға сәйкес 1, 2, 3 және 4-қосымшалармен толықтырылсын.

2. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізілетін осы қаулының 1-тармағының үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы және жетінші абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және дамыту
Агенттігінің Төрағасы

М. Абылкасымова

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу
және дамыту
Агенттігінің Басқармасының
2024 жылғы 29 қаңтардағы
№ 6 Қаулыға
1-қосымша
2021 жылғы 16 шілдедегі
№ 82 Микрокредит беру туралы
шарттың талаптарына
өзгерістерді қарау
қағидаларына
1-қосымша
Нысан

(қарыз алушының аты-жөні)
Мекенжайы: _____

Микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер енгізуден бас тарту

" _____ " акционерлік қоғамы/шаруашылық серіктестігі (бұдан әрі – Кредитор) Сіздің ____ . ____ . _____ жылғы № ____ Микрокредит беру туралы шарттың (бұдан әрі – Шарт) талаптарына өзгерістер енгізу туралы ____ . ____ . _____ жылғы өтінішіңізге (____ . ____ . _____ жылғы кіріс № _____) жауап ретінде мынаны хабарлайды.

"Микроқаржылық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-2-бабының 3-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Кредитор Сізге

(бас тарту себебінің негіздемесін көрсету)
байланысты Микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгертуден бас тартады.

Кредитордың уәкілетті тегі, аты, тұлғасы әкесінің аты (ол бар болса)

* Қарыз алушыда банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда және (немесе) микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымда микрокредит беру туралы бірнеше шарт болған жағдайда, әрбір Шарт бойынша бас тарту беріледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу
және дамыту
Агенттігінің Басқармасының
2024 жылғы 29 қаңтардағы
№ 6 Қаулыға
2-қосымша
2021 жылғы 16 шілдедегі
№ 82 Микрокредит беру туралы
шарттың талаптарына
өзгерістерді қарау
қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Қарыз алушы - жеке тұлғалардың қаралған өтініштері туралы, микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер енгізу (ұйымның атауы) туралы ақпарат, _____ жылғы 1 _____ жағдай бойынша (есепті жылдың басынан бастап өсті)

(сомалар мың теңгемен)

Қарыз түрі	Келіп түскен өтініштер					
	Барлығы			олардың ішінде ХЭОТ*		
	қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы	қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы
A	1	2	3	4	5	6
1.	Кепілсіз микрокредиттер					
1.1	олардың ішінде Микроқаржылық қызмет туралы заңның 4-бабы 3-1-тармағына					

	сәйкес келетін микрокредиттер						
2.	Кепілді микрокредиттер						
2.1	оның ішінде ипотека-мен қамтамасыз етілген						

* ХЭОТ – "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 68-бабына сәйкес Халықтың әлеуметтік осал топтарының және атаулы әлеуметтік көмек алатын адамдар.

Микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер енгізілді						Микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер енгізуден бас тартылды					
Барлығы			Олардың ішінде ХЭОТ			Барлығы			Олардың ішінде ХЭОТ		
қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы	қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы	қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы	қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	Борыш сомасы
7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18
Өтініш қаралуда						Микроқаржы ұйымы микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгерту жөнінде өз ұсыныстарын жолдады, қарыз алушы берілген өтінішті кері қайтарып алды, қарыз алушы оның қаржылық жағдайының нашарлағанын растайтын құжаттарды ұсынудан бас тартты, қарыз алушы микрокредит беру туралы шартқа ұсынылған өзгерістерге қол қоймады (керегін көрсету керек)					
Барлығы			олардың ішінде ХЭОТ			Барлығы			олардың ішінде ХЭОТ		
қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы	қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы	қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы	қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы
19	20	21	22	23	24	25	26	27	28	29	30

Қаржы нарығын реттеу
және дамыту
Агенттігінің Басқармасының
2024 жылғы 29 қаңтардағы
№ 6 Қаулыға
3-қосымша
2021 жылғы 16 шілдедегі № 82
Микрокредит беру туралы
шарттың талаптарына
өзгерістерді қарау
қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Қарыз алушы - жеке тұлғалардың микрокредит беру туралы шарттың талаптарына енгізілген өзгерістер (ұйымның атауы) туралы ақпарат, _____ жылғы 1 ____ жағдай бойынша (есепті жылдың басынан бастап өсті)

(сомалар мың теңгемен)

Қарыз түрі		Микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер іске асырылды					
		Барлығы			олардың ішінде ХЭОТ*		
		қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы	қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы
А		1	2	3	4	5	6
1.	Кепілсіз микрокредиттер						
1.1	олардың ішінде Микроқаржылық қызмет туралы заңның 4-бабы 3-1-тармағына сәйкес келетін микрокредиттер						
2.	Кепілді микрокредиттер						
2.1	оның ішінде ипо-текамен қамтама-сыз етілген						
* ХЭОТ – "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 68-бабына сәйкес Халықтың әлеуметтік осал топтарының және атаулы әлеуметтік көмек алатын адамдар.							
Қарыз түрі		оның ішінде:					
		борышты толық кешіру түрінде					
		Барлығы			олардың ішінде ХЭОТ		
		қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы	қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы
А		37	38	39	40	41	42

1.	Кепілсіз микрокредиттер										
1.1	олардың ішінде Микроқаржылық қызмет туралы заңның 4-бабы 3-1-тармағына сәйкес келетін микрокредиттер										
2.	Кепілді микрокредиттер										
2.1	оның ішінде ипотекамен қамтамасыз етілген										

оның ішінде:

сыйақы мөлшерлемесін немесе сыйақы мәнін азайту түрінде	негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлемді кейінге қалдыру түрінде
---	--

Барлығы			олардың ішінде ХӘОТ			Барлығы			олардың ішінде ХӘОТ		
қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы	қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы	қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы	қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы
7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18

оның ішінде:

кепіл берушінің ипотека нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлікті дербес өткізуі түрінде	кепілге қойылған мүлікті микроқаржы ұйымына беру арқылы микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемені орындаудың орнына бас тарту төлемін ұсыну түрінде
---	---

Барлығы			олардың ішінде ХӘОТ			Барлығы			олардың ішінде ХӘОТ		
қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы	қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы	қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы	қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы
43	44	45	46	47	48	49	50	51	52	53	54

оның ішінде:

берешекті өтеу әдісін немесе берешекті өтеу кезектілігін өзгерту түрінде	микрокредит мерзімін өзгерту түрінде
--	--------------------------------------

Барлығы			олардың ішінде ХӘОТ			Барлығы			олардың ішінде ХӘОТ		
қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы	қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы	қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы	қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы

лардың саны		борыш сомасы	лардың саны	шарттардың саны		лардың саны		борыш сомасы	лардың саны	шарттардың саны	сомасы
19	20	21	22	23	24	25	26	27	28	29	30
оның ішінде:											
сатып алушыға микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемені бере отырып, ипотека нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлікті өткізу түрінде						Микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістердің өзге түрі (қайсысын көрсету керек)					
Барлығы			олардың ішінде ХӨОТ			Барлығы			олардың ішінде ХӨОТ		
қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы	қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы	қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы	қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы
55	56	57	58	59	60	61	62	63	64	65	66
оның ішінде:											
мерзімі өткен негізгі борышты және (немесе) сыйақыны кешіру, айыпақының (айыппұлдың, өсімпұлдың), комиссиялардың және өзге де төлемдердің күшін жою түрінде											
Барлығы						олардың ішінде ХӨОТ					
қарыз алушылардың саны		шарттардың саны	борыш сомасы		қарыз алушылардың саны		шарттардың саны		борыш сомасы		
31		32	33		34		35		36		
Өтініштер жақсарту талаптарын қолдану үшін қаралуда											
Барлығы						олардың ішінде ХӨОТ					
қарыз алушылардың саны		шарттардың саны	борыш сомасы		қарыз алушылардың саны		шарттардың саны		борыш сомасы		
67		68	69		70		71		72		

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу
және дамыту
Агенттігінің Басқармасының
2024 жылғы 29 қаңтардағы
№ 6 Қаулыға
4-қосымша
2021 жылғы 16 шілдедегі № 82
Микрокредит беру туралы
шарттың талаптарына
өзгерістерді қарау
қағидаларына
4-қосымша
Нысан

Қарыз алушы - жеке тұлғалардың микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгертуден бас тарту себептері (ұйымның атауы) туралы ақпарат, ___ жылғы 1 ___ жағдай бойынша (есепті жылдың басынан бастап)

(сомалар мың теңгемен)

Қарыз түрі		Микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгертуден бас тартылды					
		Барлығы			олардың ішінде ХЭОТ*		
		қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы	қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы
А		1	2	3	4	5	6
1.	Кепілсіз микрокредиттер						
1.1	олардың ішінде Микроқаржылық қызмет туралы заңның 4-бабы 3-1-тармағына сәйкес келетін микрокредиттер						
2.	Кепілді микрокредиттер						
2.1	оның ішінде ипотекамен қамтамасыз етілген						
Қарыз түрі		қарыз алушының өтімді кепілі/салымы/өзге мүлкі бар (микроқаржы ұйымының талдауы бойынша немесе растайтын құжат болған жағдайда)					
		Барлығы			олардың ішінде ХЭОТ		
		қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы	қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы
А		31	32	33	34	35	36
1.	Кепілсіз микрокредиттер						
	олардың ішінде Микроқаржылық қызмет туралы						

1.1	заңның 4-бабы 3-1-тармағына сәйкес келетін микрокредиттер						
2.	Кепілді микрокредиттер						
2.1	оның ішінде ипотекамен қамтамасыз етілген						

* ХЭОТ – "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 68-бабына сәйкес Халықтың әлеуметтік осал топтарының және атаулы әлеуметтік көмек алатын адамдар;

**"Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйым қарыз алушысының борыштық жүктемесінің коэффициентін есептеу қағидаларын және шекті мәнін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы № 215 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19670 болып тіркелген).

оның ішінде мынадай себептер бойынша:											
төлемдерді кейінге қалдыру мүмкіндігі берілген жағдайда қарыз алушының борыш жүктемесі коэффициентінің ең жоғары деңгейінен асып кету **						қарыз алушы өзінің қаржылық және әлеуметтік жағдайының нашарлағанын растайтын құжаттарды ұсынбаған					
Барлығы			олардың ішінде ХЭОТ			Барлығы			олардың ішінде ХЭОТ		
қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы	қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы	қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы	қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы
7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18
оның ішінде мынадай себептер бойынша:											
қарыз алушының атына алаяқтық тәсілмен алынған						үшінші тұлға өтінішті қарыз алушының сенімхатынсыз берді					
Барлығы			олардың ішінде ХЭОТ			Барлығы			олардың ішінде ХЭОТ		
			қарыз алушы								

қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы	лардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы	қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы	қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы
37	38	39	40	41	42	43	44	45	46	47	48

оның ішінде мынадай себептер бойынша:

бұған дейін қайта құрылымдау/кейінге қалдыру мүмкіндігі (екі реттен артық) берілген болатын						міндеттемелерді орындауға мүмкіндік беретін қарыз алушының кірісінің жеткілікті мөлшері (микроқаржы ұйымының талдауы бойынша)					
Барлығы			олардың ішінде ХӨТ			Барлығы			олардың ішінде ХӨТ		
қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы	қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы	қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы	қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы
19	20	21	22	23	24	25	26	27	28	29	30

оның ішінде мынадай себептер бойынша:

қарыз алушының қайтыс болуы және мұрагерлік құқығын ресімдемеу						микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгертуден бас тартудың өзге себептері (себепін көрсету керек)					
Барлығы			олардың ішінде ХӨТ			Барлығы			олардың ішінде ХӨТ		
қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы	қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы	қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы	қарыз алушылардың саны	шарттардың саны	борыш сомасы
49	50	51	52	53	54	55	56	57	58	59	60